

**«Қазақстан Республикасы
Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі
Ұлттық статистика бюросының
Ақпараттық-есептеу орталығы» ШЖҚ РМК-да
сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау нәтижелері туралы
ТАЛДАМАЛЫҚ АНЫҚТАМА**

« ____ » _____ 2026 жыл

Астана қ.

Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» 2015 жылғы 18 қарашадағы №410-V ҚРЗ Заңының 8-бабының 5-тармағына, сондай-ақ «Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросында сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мен оған қарсы іс-қимылдың кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросы басшысының 2026 жылғы 02 сәуірдегі № 43 бұйрығы негізінде «Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының Ақпараттық-есептеу орталығы» ШЖҚ РМК (бұдан әрі – «АЕО» РМК, Кәсіпорын) қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізілді.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу кезеңі 2025 жылғы 01 мамырдан 2026 жылғы 01 мамырға дейін.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларының 11-тармағына сәйкес талдау келесі бағыттар бойынша жүзеге асырылады:

- талдау объектісінің қызметін қозғайтын нормативтік құқықтық актілерде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;
- талдау объектісінің ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

Үлгілік қағидалардың 15-тармағына сәйкес сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізуге арналған ақпарат көздері

- кәсіпорынның нормативтік құқықтық актілері мен ішкі құжаттары;
- ведомстволық статистикалық есептілік;
- мемлекеттік органдар ақпараттық жүйелерінің мәліметтері;
- тексерулердің және аудиттердің нәтижелері;
- сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг нәтижелері;
- бұқаралық ақпарат құралдарындағы жарияланымдар;
- жеке және заңды тұлғалардың өтініштері;
- қызметкерлерді жауапкершілікке тарту туралы мәліметтер;
- бұрын жүргізілген сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау нәтижелері;
- қызметкерлерді сұрастыру (сұхбат) нәтижелері;
- Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де мәліметтер болып табылады.

1. Нормативтік құқықтық актілерде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.



«АЕО» РМК қызметін реттейтін нормативтік құқықтық актілерді талдау барысында сыбайлас жемқорлық факторларының, құқықтық қайшылықтардың, артық әкімшілік кедергілердің және түсініксіз түсіндіруге мүмкіндік беретін нормалардың болуына тексеру жүргізілді.

Оның нәтижелері бойынша қолданыстағы нормативтік құқықтық актілерде сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ.

Талдау барысында мыналар анықталды:

- Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы № 414-V Еңбек кодексінің 101-бабының 6-тармағына сәйкес «АЕО» РМК уақыт нормалары мен сан нормативтерін бекітті. Уақыт нормалары 2023 жылғы 27 желтоқсанда, «АЕО» РМК санының нормативтері 2025 жылғы 26 мамырда бекітілді. Кәсіпорынның қызметіне кедергі келтіретін құқықтық қайшылықтар мен нормалар жоқ.

- Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің 120-бабына сәйкес мемлекеттік монополия субъектісінің қызметтерінің бағасы Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы басшысының 2024 жылғы 29 тамыздағы № 1 бұйрығымен бекітілді. Жеке және заңды тұлғалар үшін сыбайлас жемқорлық нормалары мен кедергілері анықталған жоқ

- «АЕО» РМК мемлекеттік статистика саласындағы мемлекеттік монополияның субъектісі болып табылады. «Мемлекеттік статистика туралы» Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 19 наурыздағы № 257-IV Заңын талдау барысында сыбайлас жемқорлық тәуекелдері, заңды қайшылықтар және кәсіпорын қызметіне кедергі келтіретін нормалар белгіленбеген.

- «Мемлекеттік статистика саласындағы мемлекеттік монополия субъектісінің тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді өндірумен технологиялық байланысты қызмет түрлерінің тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі төрағасының 2022 жылғы 11 ақпандағы № 2 бұйрығы бұйрығын талдау сыбайлас жемқорлық тәуекелдері мен құқықтық қайшылықтардың жоқтығын көрсетті.

- «АЕО» РМК-да мемлекеттік сатып алу «Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 4 желтоқсандағы № 434-V Заңына және «Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы № 648 бұйрығына сәйкес жүзеге асырылады.

Мемлекеттік сатып алу саласындағы заңнаманы талдау кезінде сыбайлас жемқорлық нормалары да анықталған жоқ.

Сонымен бірге, төмендегілермен байланысты ықтимал тәуекелдер жойылмайды:

- бір көзден алу тәсілімен сатып алуды жүргізу;
- әлеуетті өнім берушілер мен сатып алу бастамашылары арасындағы ықтимал сөз байласу;
- тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді тиісінше қабылдамау;

- орындалған жұмыстар актілеріне шартты түрде қол қою.

Көрсетілген тәуекелдердің туындауын болдырмау үшін «АЕО» РМК-да 2025 жылғы 09 сәуірдегі № 42-П Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ұшыраған лауазымдардың тізбесі (бұдан әрі – Тізбе) бекітілді.

Бұдан басқа, сатып алу рәсімдерінің ашықтығын арттыру мақсатында конкурстық комиссияның құрамын 3-тен 5 мүшеге дейін ұлғайту туралы ұсыныс енгізілді. Қазіргі уақытта конкурстық комиссиялар тәуелсіз және теңгерімді құрамды қамтамасыз ете отырып, тұрақты негізде қалыптастырылады.

2. Ішкі құжаттардағы сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

Кәсіпорынның ішкі құжаттарын талдау барысында ережелерге, регламенттерге, лауазымдық нұсқаулықтарға, қағидалар мен бұйрықтарға сыбайлас жемқорлық факторларының, түсініксіз тұжырымдар мен артық дискрецияның бар-жоғына тексеру жүргізілді.

Талдау қорытындысы бойынша қызметкерлердің өкілеттіктерін ажырататын дәйекті және ашық рәсімдердің мазмұны бойынша ішкі құжаттарға өзгерістер не толықтырулар енгізу жөнінде ұсынымдар берілді және ішкі бақылау тетіктерін көздейді.

Ұсыным нәтижелері бойынша «АЕО» РМК директорының 2025 жылғы 18 наурыздағы № 31-П бұйрығымен бекітілген «Құрылымдық бөлімшелердің өзара іс-қимыл регламентіне» (бұдан әрі – Регламент) өзгерістер енгізу бойынша жұмыс жүргізілуде.

Өзгерістер енгізу қажеттілігі:

- еңбек тәртібін арттыру;
- Регламент нормаларының біркелкі қолданылуын қамтамасыз ету;
- қызметкерлердің жеке жауапкершілігін күшейту.

Жоспарланды:

- жұмыс уақытын есепке алудың алдын ала табельдерін жүргізу практикасын алып тастау;
- өндірістік процестерді және қызмет көрсетуді реттейтін бөлімдерді өзектендіру;
- құрылымдық бөлімшелер арасындағы өзара іс-қимылды жетілдіру.

Жоғарыда айтылғандардан басқа:

- жеке және заңды тұлғалар үшін әкімшілік кедергілер тудыратын құжаттардың жоқтығы;
- ішкі бақылау тетіктері белгіленген тәртіппен жұмыс істейтіндігі;
- жүйелі сипаттағы сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталмағандығы анықталды.

Талданатын кезеңде «АЕО» РМК қатысуымен 7 сот ісі қаралды, оның ішінде:

- 3 іс – талапкер ретінде;
- 4 іс – жауапкер ретінде.



Сот дауларының негізгі бөлігі мемлекеттік сатып алу, берешекті өндіріп алу, шарттық міндеттемелерді орындау және өнім берушілерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылар деп тану мәселелерімен байланысты.

3. Персоналды басқарумен байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау

«АЕО» РМК-дағы еңбек қатынастары Қазақстан Республикасының Еңбек кодексімен және кәсіпорынның ішкі актілерімен реттеледі.

Жұмысқа қабылдау кезінде:

- сыбайлас жемқорлық қылмыстар жасау туралы мәліметтерді тексеру жүзеге асырылады;
- кандидаттарды құрылымдық бөлімшелердің басшыларымен келісу жүргізіледі;
- мемлекеттік сервистер арқылы дипломдарды тексеру жүзеге асырылады;
- «Бірыңғай кадр жүйесі» АЖ арқылы ықтимал үлестестікті автоматтандырылған тексеру қолданылады.

Талданатын кезеңде қызметкерлердің басшы лауазымды тұлғалармен үлестес болу фактілері анықталған жоқ.

Қызметкерлерді бейімдеу мақсатында:

- онбординг жүйесі енгізілді;
- Welcome Book әзірлеген;
- корпоративтік мәдениетпен және ішкі рәсімдермен танысу жүргізіледі.

Еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында:

- еңбекті қорғау жөніндегі іс-шаралар жоспары бекітілді;
- қауіпсіздік техникасы бойынша нұсқаулықтар өткізіледі;
- келісім комиссиясының құрамы өзектендірілді.

2026 жылғы 10 сәуірдегі жағдай бойынша «АЕО» РМК штат саны 393 бірлікті құрайды.

Талданып отырған кезеңде 107 қызметкер жұмыстан шығарылды, оның ішінде:

- қызметкердің бастамасы бойынша – 101;
- қысқартуға байланысты – 4;
- өзге негіздер бойынша – 2.

Кадрлардың тұрақтамауын төмендету мақсатында мыналар бойынша іс-шаралар іске асырылуда:

- корпоративтік мәдениетті дамыту;
- қызметкерлердің қатысуын арттыру;
- ішкі коммуникацияларды дамыту;
- қызметкерлерді оқыту және кәсіби дамыту.

Талданатын кезеңде сынақ мерзімінен өтпеген қызметкерлер болған жоқ.

2025 жылғы 11 шілдедегі тәртіптік комиссия отырысының қорытындысы бойынша «е-Өтініш» жүйесінде өтініштерді қарау мерзімдерін бұзғаны үшін 3 қызметкер тәртіптік жауапкершілікке тартылды.



«АЕО» РМК-да қызметкерлердің әлеуметтік-еңбек қатынастарын реттейтін бекітілген ішкі нормативтік актілер қолданылады.

«Бірыңғай кадр жүйесі» АЖ арқылы тексеру нәтижелері бойынша жақын туыстарының бірлескен қызметінің тікелей бағыныштылық жағдайында фактілері анықталған жоқ.

Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулер мен тыйымдарды бұзу анықталған жоқ, шағымдар түскен жоқ.

Қызметкерлерге жыл сайын салық декларацияларын тапсыру қажеттілігі туралы хабарланады. Басшы қызметкерлердің табыстары бойынша мәліметтер белгіленген тәртіппен уәкілетті органға жіберіледі.

4. Мүдделер қақтығысына байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

«АЕО» РМК директорының 2022 жылғы 07 қазандағы № 294-П бұйрығымен «Мүдделер қақтығысы туралы ереже» бекітілді.

Ережеде төмендегі механизмдер қарастырылған:

- жұмысқа орналастыру кезінде мүдделер қақтығысын ашу;
- ауыстыру кезінде мүдделер қақтығысын ашу;
- мүдделер қақтығысының туындауы туралы хабарламалар.

Реттелмеген мүдделер қақтығысы фактілерін талдау қорытындысы бойынша анықталған жоқ.

5. Мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсету кезінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

«АЕО» РМК «Ресми статистикалық ақпаратты тарату кестесінде көзделмеген статистикалық ақпаратты беру» мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсетеді.

Талданатын кезеңде:

- 4 мемлекеттік қызмет көрсетілді;
- 1 дәлелді бас тарту тіркелді;
- қызмет көрсету мерзімдерін бұзу анықталған жоқ;
- көрсетілетін қызметті алушылар тарапынан шағымдар жоқ.

Сондай-ақ, «АЕО» РМК шарттық негізде статистикалық ақпарат беруді жүзеге асырады.

2026 жылғы қаңтар – 06 мамыр аралығында 159 шарт жасалды.

Бұл ретте төмендегілермен байланысты ықтимал тәуекелдер жойылмайды:

- жекелеген контрагенттерге қамқорлық жасау;
- қызмет көлемін манипуляциялау;
- сипаттамаларды өзгерту;
- шарттардың орындалуын шартты түрде растау.



Тәуекелдерді азайту мақсатында өтінімдерді қабылдайтын және өңдейтін қызметкерлер арасындағы функциялардың аражігін ажырату қамтамасыз етілді. Талдау қорытындысы бойынша бұзушылықтар анықталған жоқ.

6. Бақылау функцияларын іске асыру кезінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау

«АЕО» РМК Жарғысына сәйкес Кәсіпорын бақылау функцияларын жүзеге асырмайды.

7. Ұйымдастыру-басқару қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

«АЕО» РМК қызметін басқаруды ҚР СЖЖРА Ұлттық статистика бюросы заңнамада және Кәсіпорын Жарғысында белгіленген құзырет шегінде жүзеге асырады.

Талдау қорытындысы бойынша:

- жүйелі сипаттағы сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ;
- ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметте бұзушылықтар жоқ.

Өкілеттік деңгейі мен дербес жауапкершілікті ескере отырып, «АЕО» РМК директорының лауазымы Тізбеге енгізілді.

8. Қаржы-шаруашылық қызметтегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

Экономика және қаржы департаментінің қызметін талдау барысында төмендегі процестер зерделенді:

- бюджеттік жоспарлау;
- бухгалтерлік есепке алу;
- тарифтерді қалыптастыру;
- қаржылық есептілікті бақылау;
- бюджет қаражатын пайдалану.

Төмендегілер анықталды:

- бюджеттік жоспарлау Даму жоспарына сәйкес жүзеге асырылады;
- қаражаттың мақсатты пайдаланылуына тұрақты бақылау жүргізілуде;
- қаржылық есептілік жыл сайынғы тәуелсіз аудиттен өтеді.

«Аудиторская организация «Деловой аудит» ЖШС өткізген 2025 жылғы қаржылық есептілік аудитінің қорытындысы бойынша қаржылық бұзушылықтар анықталған жоқ.

Сондай-ақ, 2025 жылы Қазақстан Республикасының Жоғары аудиторлық палатасы тиімділікке мемлекеттік аудит жүргізді.

2025 жылғы 02 желтоқсандағы аудиторлық есепке сәйкес қаржылық бұзушылықтар анықталған жоқ.

Сонымен қатар, Жоғары аудиторлық палатаның 2026 жылғы 11 ақпандағы нұсқамасымен «АЕО» РМК мемлекеттік монополия қызметтеріне тарифтерді өзектендіруге нұсқама берілді.

Талданатын кезеңдегі жағдай бойынша:

- қоғамдық тыңдаулар өткізілді;
- құжаттар пакеті монополияға қарсы органға тарифтерді сараптауға жіберілді.

Жүргізілген талдау барысында төмендегі саладағы ықтимал тәуекелдер белгіленгенін атап өту қажет:

- бюджеттік процесс;
- материалдық құндылықтарды есепке алу және есептен шығару;
- бухгалтерлік есеп жүргізу және есептілікті қалыптастыру;
- бюджет қаражатын пайдалану.

Аталған тәуекелдердің болуы қызметкердің Кәсіпорын алдындағы берешегін қалыптастырған жалақыны артық есептеу фактісімен расталады.

Комплаенс-офицер құқықтық қамтамасыз ету бөлімімен бірлесіп келтірілген залалды өтеу бойынша жұмысты ұйымдастырды. Жұмыстан босатылған қызметкер берешегінің негізгі бөлігі ерікті түрде өтелді. Қарызды толық өтеу 2026 жылдың маусым айының соңына дейін күтіледі.

Анықталған кемшіліктерге байланысты тәртіптік комиссия отырысының 2026 жылғы 5 наурыздағы № 2 хаттамасымен екі қызметкерге қатысты лауазымдық міндеттерін орындау кезінде бақылауды күшейту, сондай-ақ ішкі нормативтік құжаттар мен лауазымдық нұсқаулықтардың талаптарын сақтау қажеттілігі туралы ауызша ескертумен шектелуге шешім қабылданды.

Көрсетілген тәуекелдерді азайту мақсатында Тізбеге қызметі жоғарыда көрсетілген бағыттармен байланысты қызметкерлердің лауазымдары енгізілді.

Жүргізілген қызметтік тексеру нәтижелері бойынша ниет, жеке мүдделілік не үлестестік белгілері анықталмаған.

Жауапты құрылымдық бөлімшелердің басшыларына қолданыстағы Регламентке тиісті толықтырулар мен өзгерістер енгізе отырып, артық есептелген жалақыға байланысты анықталған бұзушылықтарды жою және олардың қайта туындау тәуекелдерін азайту ұсынылды.

Мониторинг барысында бір мезгілде бірқатар мемлекеттік ұйымдармен және жеке компаниямен еңбек қатынастарында тұрған өңірлік техникалық сүйемелдеудің бір қызметкерінің сыртқы қоса атқарылу фактісі анықталды, онда сыртқы қоса атқаруға байланысты лауазымдық міндеттерді орындау тиімділігінің төмендеу қаупі бар.

Сонымен қатар, бұл қызметкер жеке кәсіпкер бола отырып, мемлекеттік сатып алуға қатысқаны және еңбек қатынастарында бір мезгілде тұрған ұйымдарда өнім беруші ретінде қызмет көрсеткені анықталды, бұл ықтимал мүдделер қақтығысын тудырды.

Негізгі жұмыс орны бойынша еңбек сипаты мен жағдайлары туралы анықтаманы ұсынбау бөлігінде Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 32-бабы 4-тармағының талаптарын бұзу белгілері қосымша анықталды.



2026 жылғы 20 ақпанда өңірлік техникалық сүйемелдеу бөлімінің қызметкерлерімен сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру мәселелері бойынша түсіндіру іс-шаралары өткізілді, ол тиісті хаттамамен ресімделді.

2026 жылғы 03 наурызда көрсетілген қызметкермен еңбек шарты тоқтатылды.

Осындай тәуекелдердің қайталануын болдырмау мақсатында HR департаментіне төмендегідей ұсыныс берілді:

- қоса атқаратын жұмысқа қабылдау кезінде бақылауды күшейту;
- растайтын құжаттарды міндетті түрде ұсынуды қамтамасыз ету;
- мүдделер қақтығысы мен сыртқы қоса атқару мәселелеріне мониторингті күшейту.

Талданатын кезеңде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің алдын алуға және Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын сақтауды қамтамасыз етуге бағытталған бірқатар ұйымдастырушылық және профилактикалық іс-шаралар іске асырылды:

Атап айтқанда, коммерциялық құпияны құрайтын ақпаратты қорғауды қамтамасыз ету мақсатында 2025 жылғы 21 қарашада «АЕО» РМК коммерциялық құпиясын құрайтын мәліметтердің тізбесі, сондай-ақ көрсетілген ақпаратқа қол жеткізе алатын құрылымдық бөлімшелер мен лауазымдардың тізімі бекітілді.

Бұдан басқа, «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы № 410-V ҚРЗ Заңына сәйкес 2026 жылғы 12 қаңтарда «АЕО» РМК сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметі туралы ереже, сондай-ақ Комплаенс-офицердің 2026 жылға арналған іс-шаралар жоспары бекітілді.

Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросының, оның аумақтық бөлімшелерінің және ведомстволық бағынысты ұйымдарының «Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы іс-қимыл» ТББ-4 жобасын іске асыру жоспар-кестесіне сәйкес мемлекеттік қызметшілер мен квазимемлекеттік сектор субъектілері қызметкерлерінің «Documentolog» ақпараттық жүйесінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы онлайн-курстан өтуі көзделген. Айта кету керек, қазіргі уақытта аталған курстан 92 қызметкер өтті, алайда «АЕО» РМК-ның басқа өнім берушіден электрондық құжат айналымы қызметтерін алуға ауысуына байланысты осы іс-шараны толық көлемде іске асыру пайдаланылатын ақпараттық жүйеде қажетті функционалдың болмауына байланысты уақытша мүмкін емес. «Documentolog» АЖ тарапынан өзекті оқу-әдістемелік материалдарды, сондай-ақ тиісті ақпараттық жүйеде тестілеуді дайындау және одан кейін өту үшін қажетті жауап нұсқалары бар емтихан (тест) сұрақтарының тізбесін ұсынудан бас тартылды.

Қазіргі уақытта «Meta Doc» өнім берушісімен олардың ақпараттық жүйесіне сыбайлас жемқорлыққа қарсы онлайн-курсты қосу мүмкіндігі туралы келіссөздер жүргізілуде. Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау



және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросының жауапты лауазымды тұлғалары көрсетілген мән-жайлар мен іс-шараны белгіленген форматта орындаудың мүмкін еместігінің объективті себептерінің болуы туралы хабардар етілді.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты іске асыру және Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын орындау шеңберінде 30.01.2026 ж. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігі департаментінің сыбайлас жемқорлықтың алдын алу басқармасының уәкілетті органы өкілдерінің қатысуымен сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелеріне арналған оқыту семинары өткізілді. Семинар барысында күн тәртібіндегі мәселелер қаралды. Баяндама соңында «сұрақ-жауап» сессиясы өткізілді, оның барысында қатысушыларға сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы қолданудың практикалық мәселелері бойынша түсініктемелер берілді.

Семинар толық көлемде өткізілді, оның процесі фототүсіріліммен тіркелді және «АЕО» РМК ресми сайтында жарияланды, онда қосымша тиісті жаңартулар енгізілді және комплаенс саласындағы қызметке қатысты ақпарат өзектендірілді.

Қорытынды.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жүргізілген ішкі талдау нәтижелері бойынша «АЕО» РМК қызметінде тұтастай алғанда сыбайлас жемқорлық көріністерінің алдын алуға бағытталған ішкі бақылау, құқықтық реттеу және ұйымдастырушылық басқару тетіктері жұмыс істейтіні анықталды.

Кәсіпорынның қызметіне елеулі әсер етуі мүмкін жүйелі сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ.

Сонымен қатар келесі мәселелерге байланысты жекелеген әлеуетті сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталды:

- мемлекеттік сатып алулар;
- қаржылық-шаруашылық қызмет;
- қызметкерлердің қоса атқарушылығы;
- мүдделер қақтығысының болуы мүмкін жағдайлары;
- кадрлық және тәртіптік рәсімдер.

Кәсіпорын қызметіндегі сыбайлас жемқорлық және өзге де тәуекелдерді уақтылы мониторингтеу мақсатында баяндалғандарға байланысты жауапты орындаушыларды, іс-шараларды іске асыру мерзімдерін, орындау мәртебелерін, сондай-ақ бақылау және өзектендіру тетіктерін бекіте отырып, тәуекелдердің бірыңғай картасын қалыптастыру ұсынылады.

Директор

К. Кипатов

«Анықтаманы жасады»

Комплаенс-офицер

Г.Шермаганбетов